

1 2009
19327к

Асқар
АЛТАЙ

КИР
МЕҢ
ЖАЛА
ХИКАЯЛАРЫ

ББК (5 каз)
А 13

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ
ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ, МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

АЛТАЙ А.

А 13 Қыр мен қала хикаялары.— Алматы, «Санат»,
1998. 192 бет.

ISBN 5-7090-0362-X

Жазушының бұл туңғыш жинағына енген хикаялары мен әңгімелерінде қыр мен қала өмірінің қым-қуыт қайшылықта толы тыныс-тіршілігі көркем суреттеледі. Адамдардың тағдыр-талайын қаламгер «қара бура, қыран буркіт, қала құтпандары» бейнесінде мегзей, астарлай бейнелейді. Кейінкердің ішкі сеізім арпалысы, психологиялық тебіренісі табиғатпен шенделестіріле баяндалады.

A 4700000000—003 39—97
416(05)—98

ББК (5 каз)

ISBN 5-7090-0362-X

(С) Аскар Алтай, 1998

ХИКАЯТТАР

ҚАРА БУРА

1

Табиғаттың күмістей күпісімен қымтандған Құршім өңірі. Сұлай созылған сұлышқ даала бір бүйірден киіп кеткен жағаған таулармен текетіресіп қалғандай тынши түскен. Тереңе әйнегіне тыстан су тисе шытынаштырт-шырт сынатын аязды күн мен түн ақпандада кезек алмасып тұр. Суық ырқына көнгөн шыңылтыр әлем айғай салсаң, күл-талқаны шыға күйреп түсердей. Маңай шыныдай мөп-мөлдір. Тау етегінде шашырап орналасқан әжептәуір алқалы ауыл да аяздан қорғалап қалған. Мұржаларынан шыққан бозамық қи түтіні түп-тұнық, сұп-суық ауада қызы бұрымындаі өріледі. Ауыл ішінде тіршілік атаулы сұықмұрын. Мектеп жабылған. Бірен-саран желіккен болмаса, бала біткен үйінде. Сыртта жұмыс істеп жатқан жан санаулы. Қараңқұрақ мал да жоқ: қораға тығылған.

Ақпан алабетен аязды. Мұндай ашық ақпанды жылдар Алтайда аз. Қебінесе боранды. Ал, биыл кімге қыр көрсетіп, неге көрініп тұрганын бір құдайым білсін?!. Әйтеуір, жел-құзызы ызгарымен-ақ бұл өлкені бас көтере алмастай қысып тастаған еді.

2

Аудан орталығынан ерте шыққан автобус күн көтеріле Әудиенің биігінен асып, тауды бектерлеген қырқа жиегіне іліккен. Тас жолдың оң қапталын ала аппақ даала тіршіліксіз созылып жатыр. Қаратогай ауылына жеткенше әлі бір сағаттық жол бар. Жол усті сіресіп қатып қалған коктайғақ. Автобус ақырын келеді. Аязды тұнық ауада масадай ызындаған бірқалышты дауысы сол жақтағы қар жамылған биік тау шоқыларына соғылып шыңыл қақса, оң жақтағы үшан далаға үнсіз жұтылып жатқандай. Кішкене автобус болса да, пеші істеп тұрса да, қанша жылы киініп қымтанип отырганымен, жолаушылар бұрсең қарап, бүрісе түскен. Бәрі де жағаларын көтеріп, қалталары

3

мен жәндеріне қолдарын тығып алған. Аузы-мұрындарынан бу шығады. Жүргізуші ғана шолақ тонының өнірін ашып тастап, «Пазик»-тің рулінен қолып айырмай келеді. Сол ғана тыныссыз.

Әлден уақытта оң жақта отырған жолаушылар қозғалақтап, терезені ыстық демдерімен үрлең, қырау қатқан әйнектерден «көз» ашты. Бәріне себепкер — ортан белде отырған бойжеткен қыз еді. Ол алыста... ақ қарлы айдын жазықта ағып келе жатқан қомақты қараға көзі түскен.

Мынау сұық сорған өлкеде бұл не қылған жанкешті екені белгісіз. Сол қара біртіндеп жақындаі келе түйе екенин анықталған. Сәлден кейін автобуста отырғандардың бәрі де құлақтанып үлгерді. Екі-үш жас жігіт мәз-мейрам бол қалысқан. Үлкендер жағы автобусқа қарай ұшып келе жатқан түйеден секем алысқан. Аздан соң автобус кілт тоқтап, жағағы қоңілдер су сепкендей басылды. Арт жақта отырған жас жігіттер ғана өрекпіген қалпы жүргізушиңің қасына келіп, мінбелеп, алға көз тіккен.

Тура есік пен төрдей жерде аузы-мұрынан бу будақтап, үсті ақшулан тартып, қырау қатқан шудалары сауыс-сауыс мұздана жер сызған алып қара бура жолды кескестеп тұр. Анда-санда аузынап ақ көбік жынын шашып, маяшпа бақырып-бақырып алады. Тұрған орнынан тапжылар емес. Қыларың болса қылып қал дегендегі өркөкірек. Табақтай табандарымен тарпыш-тарпыш қояды. Ертегілерде айтылатын нағыз жынын өзі дерсің. Өзі де таудай. Басында қайыс ноқта.

Автобус ішіндегілердің бәрі де алға қарай үйлігісін, бірінің иығынан бірі мойнын созысты. Қәудір-қәудір етіп әрнені айттысып, шоферге жүр дес-ті. Қыз ғана орнынан тұрмай үнсіз қалған... Ешкім оны елеген де жоқ. Өзді-өзі бурага таң. Өмірде мұндай кереметті көрмеген сияқты. Әлде кімдер бураны таныды да. Иесі Ескендерді де атады. Бәрінен де үндемес Ескендер атанған шалдың ауылдағы жалғыз қара бурасы бұл жақта қайдан жүргеніне қайран!

Қара бурага қарай автобус ақырын жылжыды. Ол бірақ айылын да жиған жоқ. Табандары көктайғақ тас жолға жабысып қалғандай қозғала қоймады. Қайта өзіне жақындаған темірге қелденендердеген қалпы ұзын мойнын созды. Бұрқыраған булы тұмсығымен жүргізуши отырған жақтағы маңдай әйнекті иіскегендей болып, аузындағы жынын былш еткізіп шашып жіберген. Өзі мұздап тұрған маңдай әйнек шатыр етіп, бір неше тармаққа сыйыла жарылып кетті. Жүргізуши жігіт орнынан оқыс атып тұрып,

бер жақта ентелеп тұрғандарға қарай қалай құлай секір-
гені белгісіз. Жолаушылар да жануардан тап мұндай жат
қылықты күтпесе керек, үдірейісе үнсіз қалды. Қымылсыз.

— Ух! Әйнекті ауыстырганым мұндай жақсы болар
ма?— деді алқынған жүргізуші жігіт.— Өз әйнегі құлдей
боп түсуші еді... Егер олай сынғанда, аңыраған тесіктен
басты тығып, ауызды бірақ салады екен... көпір! Түрі қан-
дай қорқынышты.

— Желігіп жүр ғой. Ақпанда азынап құтыратын әде-
ти,— деді біреу жайбарақат.

— Айдалада қайдан жүр?

— Қайданың не өзінің, қайыйтын сыңарын іздең жүр
де, ақпан ғой,— деді мосқалдау.

— Қайыған деген не?— деді әлгі жас жігіт.

— Әке-шешеңнен сұрап ал, мұны білмесең неменеге
қазақын деп сейлем тұрысың,— деп кейіді анау.

— Эй, мылжыңды қойындар!— деді арт жақтан біре-
уи.— Мына пәледен құтылуды ойласандаршы, түге...

— Ойлайтын түгі жоқ, тұра тарту керек,— деді жас
жігіттердің бірі.

— Оттапсың!— деп, жүргізуші жігіт баж ете қал-
ған.— Ей, өзінің есің дұрыс па, әлде сен де анау, тұрған
секілдімісің?

— Ей-ей! Былжырама! Не керек өзіңе?— деп, жаңа-
ты жас жігіт міnez таныта бастап еді, жолдастары:— Қой
қой! Қөрмеймісің қозғалмай тұрғанын,— дескен.

— Орынсыз кіжінбендер, өңшең қотанға тышарлар!
Ана жынмен әңгімелесіндер,— деді кимешек киген кем-
пір.— Біріңе бірің боктықтарынды ала жүгіргенше, бура-
ға бақандарынды ала жүгірсендер етті...— Ол қамырып
қойды.

Іштегілер әрненің басын шалып жатқанда, бура орны-
нан төрт-бес қадам қозғалып, құшақ жетпес мойнын құ-
рықтай созып боздап-боздап алды. Жұрт не боларын күт-
кен. Сөйткені ол тұрған жерінде шаптырып-шаптырып
жіберді де, арт жағындағы қарды былғады. Қайта боздап
алып құмалақ тастанады. Іштегі жастар жағы ду құліскен.
Үлкендер аузын басысқан. Тек жаңағы кимешекті кемпір
ғана:

— Құлмендер, қағынғырлар!— деді зеки.— Неменеле-
ріңе жетісесіндер?! Қазір мынау шөгеді. Біреу-міреу кел-
месе мұны қозғар күш жоқ. Ашұына тисең — аударып
тастар, ақымақтар!

— Қойыңыз, апа! Бензін аз. Енді жарты сағатқа ғана

жетеді,— деді шофер жігіт жалынғандай.— Енді қайттім, ә! Енді қайттім!.. Өшіріп тастасам, қатып қаламыз. Ата-уыцды сенің, бензінді біз бөліп ішетіндей өлшеп береді. Осылай жолда қалсаң, өлдім дей бер... Жұртым-ау, бірдеңе айтсаңдаршы!— Жан-жағына жаутаңдай қарады.

Айтқандай-ақ, түгіне қырау қатқан қара бура қарашұбар жартастай бозғыл тартқан кейпімен жол үстіне шекті. Анда-санда ақ көбіктенген аузын аша азынайды-ай кеп. Қашеріне ештеме кіріп-шығар емес. Бірақ ашулы. Ноқталы басын біресе жерге соза салып, біресе буырқана көтеріп, бұларға қарап шайқап-шайқап, аузы толы жынын шашады. Ауылға барад ұзын жолдың үстінде ол қайсы біреуге үрей туғызып, қайсы біреуге құлкісін келтіріп, жардай болып жатыр. Жаны жаңа жай тапқандай.

Шынында да шалқар даланы уш күн бойы шарлаған қара бура ішкүса болатын. Қазір жанының жай тапқандай бол жатқаның да жөні бар.

...Тақтайдан салынған биік қораның ішіне қағылған қарагай қазықты жұлдып алардай шыркобелек айналған бура күнімен, түнімен бүлінгелі бір аптадай болған еді. Нәр сыйбай, су ішпей өзін өзі жаратқан. Күні-түні жағы сембей азынап-боздап, бүкіл ауылдың мазасын жалғыз өзі алған. Сол күні... қараңғы қора қамақ пен қазыққа арқандаулы басқа бой бермей, өз-өзімен іштей де, сырттай да жанталасып, бойындағы бар бүлікшіл сезімдері ояныш, шырқау шегіне жеткен шағы еді. Тенгедей қарақат көздері шатынап кеткен. Тұлабойы бой-бой бусанып, арам тер сасып, нәпсі құмарлығы артып, ет пен терінің арасында болатын күйдегі құйын-пері сезімдер сумасың қақты. Басын тұқырта байлап тастағанға бұрынғысынан да дүлейленіп, түнімен ышқынған. Таңға жуық аяз қысқан сәтте денесін билеген қалтырап тоңуы мен жан-дүниесінде қызып ойнаған қаны көтерілген жануар ышқына сілкініп, ноқталы басын сілке жүлкінғанда, аудың капрон арқаны сағалдырығынан үзіліп кеткен-ді.

Тік секіргенде сырыйқ бойлы, құрық мойынды жануар тебе қанша биік болса да басын соғып алған. Бірақ оны елеуге мұршасы келмеген, есіккө қарай оқша атылған. Мойның бір жағына бұра келіп, есіктей қеудемен кеп ағаш қақпаны соққанда, қақпа қақырап түсті де, нар бура иен далаға қарай құйындағы ұшып жөнелді.

Үндемес Ескендір үйден шыға үмтүлді. Кеш еді бірақ... Таң сұлесі білінейін деген екен. Кейлекшөң-дамбалшаң атып шыққан ақсақал ай жарығында жерге бір ту-

кірді де, қалтырап бара жатқан соң үйге еріксіз енген. Ыстық тесектен құтырган адамдай аязды аулаға жанұшырып барып келген шал қайтып көз ілген жоқ. Қара бура болса басы ауған жаққа қаңғып кеткен. Қайда барар дейсің? Қайтып келер езі-ақ. Ингені өлгелі қын болды. Екінші жыл жалғыз.

Қара бура содан қаңғудайын қаңғыды ғой. Қаңғыбас. Деген дәлқұлы... Қаратоғайдың жазық даласын қуалай желіп, Ертістің құмды жарына барып жантақ та жеді. Тау бауырындағы қайрақты қыраттарға шығып, мұз қатқан мүйіз табанын қайрап, сұық табан болып, қараған басымен құнелтіп, тағыдай қарды қауып, қанжырдай қатып жарады. Қөзінен от шашып, аузынан жын қақырыш, табанымен қар боратқан.

Құлазыған сұық өлкे — дала. Жүйе-жүйесі босап, қан тамыры лып-лып соғып, құмарлығы қозып, інген іздеген ерке — бура... Ертістің көк мұзыны кесіп оте алмай, Бүйрек пен Марқанын елсіз жерін егін-тегін аралап, Бокенбай арқылы асып, Қаратоғайдың далиған даласын қайта кесіп, оз жаратылсынан жан мен тән азабын басар ұргашы атаулыны, тым болмаса өзіндей бір есалады кездестіріп, бірін-бірі аяусыз шайнасып, құмардан шыға алмай, қанына қарайып келе жатқанда мына бір сорлылар кездесті. Осылардың әуселесін көру керек. Басқа ешқайда бұрылмайды. Барлық пәле екі аяқтылардан. Басқа ноқта, санға шідер, аяқда тұсау салатындар бұлар... Мұның сыңарын жоқ қылып жіберген де осы пәлелердің ісі. Басқаша болуы мүмкін емес. Ол мына екі аяқты, екі қолдыларды құтуде. Қанша шыдар екен. Шыдасып көрсін. Шыдаудың да шегі бар. Шыңылтыр қүнде шындаса шыдасып байқассын. Егеске — егес. Өзектіге өзінікі қайғы дегендей, бура жай қозғалып, ақырып алыш, орнынан көтеріле берді...

Бағана қара бура шөккеннен кейін-ақ, әркім әртүрлі ой айтқан, әркім әртүрлі сөзге келіп, ортақ шешімге тоқтай алмаған. Ешкім де тиянақты пікір білдірmedі. Осы кезде:

— Кімде қант бар? — деген нәзік дауыс естілген. Бәрі бұрыла қараған. — Қант керек. Бұл бура, менің бурам. Қант беріңіздерші? — Терезе «қөзінен» нәркес жанарымен қара бұраны алғаш көрген қыз екен.

— Қайдағы сенікі?.. Сен кімсің, өзің?.. — деп қалды біреулер.

— Мен, Ескендер қарттың немересімін. Бесінші клас-

қа дейін сіздердің ауылда оқыған едім. Бура бота кезінде іңген екеуіне мен жем беріп асырап едім,— дей берген қыз сөзін:

— Сен — Ұлбосының ғой,— деп, жүргізушімен сөзге келісіп қалған қызыба жігіт беліп жіберді.

— Тыныш тұр, жүгірмек! Бұрын танысаң қайда қалдың,— деді ақ кимешекті кемпір зілсіз сөйлеп:— қызыым, менде бар. Бірақ оны қайтесің, оған мына дию алданбайды ғой,— деп, қос уыс қант алыш берді.

— Апа, үш-төрт жыл өтіп кетсе де тануға тиіс... Басыңыздағы ақ кимешегізді беріңіші, бұл мал ақ түсті сүйеді,— деді Ұлбосын.— Ол мені таниды.

— Қой, қарағым, мерт боласың!..— деп кемпір келісім бермеди.

— Ұлбосын, ол атышулы патшағар!.. Сен ешқайда шықпайсың, жібермейміз!..— деп, еркектер үзілді-кесілді қарсы болды. Сонда да қызы жүргізуши отыратын орынға өтіп, шофер есігінің терезесін ашып, қолымен қантты ұсына дауыстап шақыра бастады.

— «Менсіз Қара!..», «Менсіз Қара!..»— деген емісеміс таныс дауыс пен өзіне таныс шақыру үні бура құлағына келгендей елең ете түскен. Орнынан сілкініп енді тұрған қара бура «Менсіз Қара!.. Менсіз Қара!.. Ал, ал, ала ғой, Менсіз Қара, ал-ал, ала ғой!..» деген нәзік үннің құлағына жағып бара жатқанын сезді. Осы бір тау бұлағының сыңғылаған нәзік дауысын бұрын да көп естіген. Кейіннен мәңгіле жоғалтып алды да, ғұмыр бойы сағынып жүрді. Енді міне сол бір үн құлағына шалынып, сылдырлай шығып, өн бойынан өзгеше бір сезімді толқын тудырып барады. Бойындағы буган қояншың жындары қан тамырларына тараган мына бір тәтті удан нәр алыш, қойдай жуасып сала берді. Бура еріксіз нәзік үн мен таныс дауыс, таныс сөздерге елігіп, көз алды тұманытып, өзінің қайда тұрғанын ұмытып, төрт аяғын тәң баса алмай сенделіп, көз алдына қайдағы бір күндері оралып, өткен жастық шағы құмастықпен билей жөнелді. Жануар да болса белгісіз бір ессіз толқын ырғағына көнген. Нәпсінің есіріктігіне бой алдырған жануардың аядай ғана қап-қара жанарының аударылған ағы қанға толып тұрса да, қара жердің бетін жапқан ақ қар мен әйнектің ар жағынан жәудіреген ақ шылауышты бүркенген қызы көңіл құмарын жаулап, өзі ғана белгісіз бір құпия сезіммен сезінген, балғын бота кезінде аппақ елес боп мына сіңген сәуле жарқетіп оралған еді. Қазір сол бір елес сәулесіндей есептірет-

кен қыздың құдіретті мүсіні мен нәзік үні жүйе-жүйесін босатып, әлдебір ғажайып әлемге қарай еліте ертіп, ақ көйлекті қыз артынан қалмай ере беретін бота шағы бойын билеп, өз тұңғырына тартып ала жөнелген... Қара бура бәріне де көнуге даяр... Көнген де.

Ұлбосының созған алақанына мойнын иген бура танаудынан буы бұрқырай жұп-жұмсақ ернін тигізе бір тал кесек қантты ентілікпен іліп алды. Қолы бураның бұрқыраған буы мен ақ көбігіне көміліп, жынға жені былғанса да жиіркенген жоқ. Таниды деген сезікті сеніммен ұсынған қолын қыз қобалжыса да жүрек тоқтатып, өзін сабырмен салқын ұстап, еріксіз созған-ды. Ал, өзгелер бураның буы бұрқыраған тұмсырына қыз қолын тигізген мезетте бәрі де бітті, сорлы қызды құлықпен тұрған хайуан қолынан шайнай тістең, автобустың есік-терезесін сымдыра іштен жұлып алады деп күткен. Кейбіреуісі үрейден көздері атыздай болып, кейбіреуісі сұмдық сорақы көріністен жүректері тоқтап қалғандай толқып, көздерін тас жұмып — әйтеуір адам айтқысыз күйді бәрі де бастап кешкен. Қыз жаңа ғана шабынған қара дүлейге қолымен қант беріп, екі уыстай қантты жолдың сол жақ қапталына, тас жолдың аргы бетіне қарай көрсете шашып жіберді. Қара бураның көзі қарауытып, тіліне тәтті дәм үйіріліп, солай қарай баяу қозғалды. Әлдеқандай жағдай болар ма дегендей таңырқаған қалпы үнсіз қалған басқалар. Үн шығаруға қорқатындей.

Бура таяқ тастан ұзасымен Ұлбосын жүргізуіші жігітті шақырып, орнын босатты. Жүргізуіші қыз алдында на-мықса тыртысып, сыр алдырғанын сездіргісі - келмеген. Бура жаққа қайта-қайта жанаарын тіге, қолдары қалтырай кілтті бұрады. Автобус тез от алды... Тәтті дәм мен бойына удаі тараған тәтті бір толқынға елтіген қара бура маңқия қарап, жасаураған жанаарын. Әудие тауының биғіндегі бұландаған белгісіз елес бейнесіне қадап, көз нұрын сатқан... Ол қала берді де, автобус жылдам қозғалып, қатты жүріп кетті. Енді тек жанаармай жетсін! Ауыл қашық емес. Жол жүзі жып-жылмағай, бесінге ауған күн нұрымен жалтырап жатыр. Тас жол тайғанақ.

3

Іңірде ауылға бура тағы келді... Ұлбосын да, Ескендері де ішіп отырған асын тастан сыртқа ұмтылған. Түн терісінен ызығырықтап, түкірік жерге түспей тұр екен. Ай жа-

рық. Маңай бозамық. Ауыл азан-қазан. Бөрінің артындағы шулаған ит біткен бураның соңына түсіп алса керек. Қыз бен қарт ит шулаған жаққа қарай жүгірді. Шал қолына қатқан құрықты іле салған. Қорана айнала бере тапырақтап келе жатқан алыпты көріп, екеуі де тоқтай қалған. Қыз:— «Менсіз Қара!.. Менсіз Қара!..»— деп, қарт: «Айха-хай!»— деп ақыра ұмтылды.— Қел бері Қара Бура, айха-хай, кел деймін!..»

Артынан өрген бір қора итке пысқырып та қарамай келе жатқан қара бура қалт тоқтады. Иттер алды-артын орап улап-шулап кетті. Өзінің иесі, атасының ақ тонын жамылған қызды, өз қорасы мен ауланы енді аңғарғандай, тағы да анау құрық көтергендер қысастық жасайды ғой дегендей, екі ұмтылған райынан қайтып жалт берді. Зор үнімен ышқына бақырың, аузын иттерге арандай ашып, басын төмен сала жынын шашып, тайраңдан жөнелді. Тайраңдан бара жатып құмалағын шашты.

Қарт пен қыз болса аңырайып қалды да, үн-тұнсіз жылы үйге енді. Екеуінің ойында қайырылта алмаған өкініш сезімі мен ауылдағылардың бура туралы ескере айтқан қаупі бас көтерген... Бірақ өзара тіс жарған жоқ. Бура бұрылмай кетті.

Бұрқылдаған қара бура қаңтарда қайырылмастай қатуланар, ақпана айықпастай ашуланар дүлей сезіммен айдалаға тартты.

4

Ашқұрсақтау жануар табанына тоң қатқалы құсалық-пен қатайып, томырықтаныш алған. Ішкі жандуниесі ала-құйын сезім құшагына сұғанақтана еніп, елсіз-құнсіз жапанда жалғыздықты жолдас қылып, көлеңке қуып, біржолата қатыгезденіп кетті. Қөзге іліккен, табанға түскен атаулы аяу күтпес. Табанымен тарпып, кеудесімен басып, ежігейдей езіп тастайтыны кәміл.

Айдалада азан-қазан боздап алып сау желеді жануар. Жылдар бойы ішіне сыймай, еркін әлемге аяғы жетпей, матау мен тұсаудан тірсегі қатқаннан құтыла алмай жүрген ол осы бір аязды қундерде барын ақтарып алғысы келгендей азынайды. Дүниені басына көтере боздаған дауысына дәл биылғы ақпанның күн мен ай сәулесінен жалт-жұлт ете жұз арбап, көз үялтатын ақзу қары мен қарастында тыншығып, аяздан қорынып жатқан тоң жері гана құлақ түреді. Олар да тілсіз. Жауап берер жәйі жоқ.

Іштегі қыл қыбырынан құтылған қыран құстай бауырынан жарап, бұлаң қаққан бура ай сәулесінде түгін тұтқан қыраудан қылаңтып, Түйеқұлағанға қарай тартты. Жылан ирек өзен бойын қуалай өскен шілік басын шалышп, жас шіліктің ашқылтым келген қалың бүрлі басын пышақтай өткір азымен бір-бір-ақ тартып оттап келеді. Тайрандаған төрт аяғы дамылдағандай. Тұн ортасы ауып кеткен кез. Ай да түстікке ойысқан. Жұлдыздар ғана орнында. Оларға жердегінің шамасы жетпейді. Жұлдыздар жік-жігімен жеке.

Кешікпей қара бура жынын шақырган бақсыдай қайта қозғалды. Өзі бұрын аяқ баспаған өңірге бет алған. Бейтаныс өңірге бас тіккен сыңайлы. Жаңа әзірде бойын шала бастаған түнгі қатты сұықтан құтылғысы келгендей, атты адамның адымын аштырмас зор екпінге түсіп, ұлы денесі қарсы соққан ызғырықты желді елемей, қайта қызыдырына заулаған. Қақ маңдайда қақтаған күмістей ай қалқып, әлденеге тартып, тұла бойын қызулы толқын би-лей бастады. Тәрізі — жастық шағы сол бір толқынмен ақиланған көз алдына толқып өтіп-толқып өтіп оралған.

Інірде қарсы жолықдан ақшыл елес қазір де пайда болған-ды. Қасында құрықты иесі бар. Бірақ құрықты иесі тез ғайып болды да, қарсы алдында жарқыраған ай астында ақшыл елес көлбец қағады. Ай мен ақ қардың арасын жалғастырған ақшыл елес... сұңғақ бойлы... сымбатты... Қалыштан шыққандай сұлу сұлба аспаннан жерге құйылған ай сәулесінде ағарандаپ кетпей қойды. Ай сәулесіне шомылған сайын айқындалған. Әр-беріден соң қара бураның алапат жүрісі баяулап, бірқалыпты ариға түсті.

Ақшыл сұлба ақ көйлекті қызға айналған... Бұл — аяғын апыл-тапыл басқан бота екен. Әлгі қыз жұп-жұмсақ алақандарымен мұның биязы барқыттай ерніне әлдебір тәттіні тигізіп, аузына тоғытып, ернін сипалайды. Нәзік саусақтарымен тақыр жүнін тараپ, жіп-жіңішке мойнына оралады. Әүкесінен кіп-кішкентай алақандарымен қасиды. Тағы тәтті береді. Сәлден кейін бұл енесінің бауырына барыш, сұліктей қадалады. Жаңа ғана тәтті дәмін татқан таңдайына қышқылтым қою сүт құйылады. Оның жеңіл бөлек бірақ... Кейде оны көш жұтыш қойса, көкірегі кілкіп шыға келеді. Сосын ештеңеге зауқы соқпай сандалып қалатыны тағы бар. Содан сақтанады бұл. Мезгіл-мезгіл ене бауырына оралатыны да сол себепті.

Құла түзде қоңырлатып келе жатқан ойылқара тұқымы үзік-үзік өмір бедерін бағамдаған. Өткендеңі қант-

пен алдақ кеткен жанды қазір сол бір кішкене қызға ба-
лап, ал іңірде жолыққанды да санасыз сезіммен шамалап
келе жатты... Ол ұзақ жүрген. Ай аунап жамбасқа іліккен.
Шығыс қызығылт шуаққа шомыла бастады. Әп-сәтте тау-
лардың қарлы шындары қызылға малып алғандай арай-
ланған қалған. Енді қара бура да тауға қарай қиғаштай сал-
ды. Қызығылт түсті көріп, бойындағы ыстық қаны көтері-
ліп, құлазып жатқан өлкеде құлдыраңдан аға жөнелді.

Нәпсі сезімі билеп келе жатқан бейшара бар даусызы-
мен боздап қояды. Биылғыдай зар күйіне келмеген шығар
бура. Бұл да болса тағдырың қысасы да...

5

Қар бетінде шұғыла ойнап, сұық сәуле жүгіріп, күн
келісті-ақ көтерілген уақта бие беліне салмақ салған шал
ауылдан ұзап, іргеден қыыр-шиыр із кесіп, бетті түстікке
бұрды. Қүректей табанның анда-санда ашулы сермесінен
анандайға ұшып кеткен табақтай қар кесегін көзімен
шалған. Бүгінгі тұн бура өзіне бейтаныс өңірге бет түзе-
генін байқады. Тұнде де тек жүрмей, аяқты алыстан сер-
мепті. Төрт-бес түйір құмалағы көш құлаш жерде шашы-
лып жатыр. Жануар жанын салса керек жапанда.

Бедеу бие шамалы жүрістен соң тоғынан арыла баста-
ды. Келе-келе жүрісі де ширады. Дене қызыш, тақыр қол-
тық пен тулақ терлік жіпсіген. Маңай мұз. Иесі үнсіз.
Ердің алдына ілген ауыр қосауыз ғана қасқа тиіп, сарт-
сұрт қағады. Киіз қаптаған үзеңгі де сылдырамайды. Ты-
ныштықтың қатты шамына тиіп келе жатқан мылтық
қана. Үнсіз төрде ілулі тұрғалы қашан? Бүгін аяқ астынан
өзегіне оқ жүгіріп, қолға алынған еді.

Шалдың ештеңемен шаруасы жоқтайды. Тұнжыраған
жүзі қап-қара болып құлбеттеніп алған. Салбыраған оң
қолымен жез таңдай қамшысының ұшын ғана батырады.
Бие бейшара тұлкі шоқырақпен келеді. Одан өзі де танар
емес.

Қара құлақшынын мильтата киген шал да маңайға
коз салар емес. Бұта басында бүріскең сұықторғайдай
мойның ішіне тығып алған. Биенің басынан көз айырар
түрі жоқ. Әлде сұықтан қорғанған, әлде көзге шағылған
қардан жасқанған — түсініксіз. Төменкі. Ауа таза. Маңай
мөлдір. Онымен де ісі жоқ. Санасы сайда, ойы ойда дейтін.
Өзімшіл ой мендеген.

Әрі-беріден кейін Түйекұлағанның тәменгі сағасындағы бура басын шалған шілікті сайға ілікті. Құн түске тырмысқан. Шіл шиырлағандай шілік ішінде қалың қарды қалай болса да қиналмай шарлаған табақтай із көрер көзге қораш-ақ. Биіктігі бір құлаш омбы ойран-топан. Шілік басы бураның тісімен оталған. Теп-тегіс. Сау жер жоқ.

Мұны көргенде қарттың көзіне іркіліп жас келді. Жұрегі қан жылады. Осылай боларын біліп еді-ау!.. Өмірінде аяқ баспаймын деп ант су ішкен-ді. Ант су ішу артық екен. Сөзінде тұратын да ма еді. Қайтер еді? Немересі Ұлбосын болмағанда. Немере қызы. Олай өзі де отыра алмас еді ғой. Бәрібір бура жанын қоймаған болар еді. Өкіне алмайсың. Ер үш баспаймын деген жерін — үш басқан заман: еркің билемес, еркінді билер.

Ескендірді еркінен тыс ойлар еріксіз алыш кетті... Эйтеуір шілік ішінен ізді шала-пұла қуалай жалтаңға шыққан. Бие басын босатпай қамшымен тартып жіберген. Тағы да тұлқі шоқырақ. Ой деген өз-өзінен шайқалған майдай орала берді. Алыстан орагытқан ойлар. Оралсан — орал дегендей құныса тұскен қарт та.

Осы жерде — Түйекұлағанның тәменгі сағасында Еңсе байдың ауылы жазға салым отырған уақ еді... Қемпескенің кезі. Еңсе байдың өңжей сары үлектерін әртелге өткізіп, мұлқін хатташ-шоттап алыш, үй-ішін итжеккенге айдатып, өзін атып тастамақ өкімет... Үкімет — Есекең — Ескендір. Ескендір жолdas! Бұл — бүкесіз шындық. Оның айтқаны — айтқан. Ар жағы ашық.

Мұлкінен бір қабатын ғана алдырыш, екі әйелі, оннан астам ел ішіне аға-апа, іні-қарында болып қалған бала-шағалары бар шар шаңырақ төрт арбамен енді жолға шығамыз деген сәтте он жетідегі ерке Ақнәр Ескендірдің хром етікті аяғына жығылды. Жұрт сілтідей тынған. Сыбыс та, сыбыр да жоқ. Кенет Ақнәрдің құлын дауысы:

— Ағатай, құлың бол өтейін! Кәрі әкемді атқызбашы! Түк жазығы жоқ қой, жазығы!.. Қытайға етем деген емес. Ол ез жерін тастамайтын адам. Мынау жұрттан сұрашы! — деп шырқырады.— Тастамайды ол. Ағаларым-ау,— деп, арба үстіндегілерге көз тастаған. Ағалары намыстан жерге кірердей оқты көздерін бір-бір атып, теріс бурылып кетті. Әлде намыс, әлде жиіркеніс.— Бірдеме айтсаңдаршы, ағатайларым! О, дүние-ай, еш жазығы жоқ еді ғой, жазығы!..— дауысын соза түсті қыз.

Қарақат көздері жәудіреп:

— Ескендір ағатай, мен сенің қатының болайын, әлі

әйелің жоқ қой. Екі дүниеде, разымын. Тек, әкемді атқызы-
башы, әкемді!— деді қатқыл бір дауыспен ешкім күтпеген
сөз айтып.

Арба жанындағы Ақнәрдің ағалары іштен тынып, бет
әлпеттері өрт сөндіргендей түтеп кетті. Қөздерімен жер
шұқыш, бастарын төмен иген. Өз ойларымен, өз бойларын
билеген сезіммен іштей арпалыса үнсіз қалды. Кенет арба
қасында қолы байлаулы түрған әкесі шеке түсіп отырып
қалды.

— Әке, әке! Не болды сізге?!— деп, бес ұлы жиналышып
кетті де, кішкентайлар шу ете қалысып, «өлгенде сү-
йегіміз — тәңірінікі, тіріде жанымыз — жарымыздікі»
деп айырылмаған бәйбішесі мен жас тоқалы көріске бас-
ты. Сол-ақ екен қалың қөпшілік те қозғалақтаап, ах ұрып,
үздік-создық құціренісе жөнелгенді.

Бұдан әрі Ескендір де шыдай алмаған. Шабармандарға
тарт дескен. Ақнәрді әлде бір қауіппен жеке арбаға отыр-
ғызған бұл.

Ескендір қолынан келгенін істеді Ақнәр үшін. Бай
әкесі Сібірге сапар шеккен... Құз келіп, қыс түскен. Бая-
ғы бесінші ауыл Түйекұлағаның таң желкесіне «Кали-
нин» артелі болып ұйымдастырылды. Өні түтілі түсінде
елес бермеген Ақнәрмен Ескендір бас құраған. Бірақ....
Ақнәрді әкесін ақтаумен де, ақ отау көтерумен де бақыт-
ты ете алған жоқ ол. Алтайы тулкідей ажарлы қыз шөл-
мектей тез солды, ескі шуберектей тез онды. Өзін өзі іш-
тей мүжіген ой жеді... Тірі жанмен тіл қатыспайды. Айт-
қан әңгімелеге құлықсыз. Ескендір екеуінің арасына сызат
түскен адамдар секілді. Бір-біріне ерлі-зайыштыдай емес —
салқын... Әңгімелері де жараспайды. Біріне бірі қарамай-
ды, сұық... Кейінгі кезде ләм-мим деуді де қөспініскен.

Алғаш қосақталған күндердің өзінде артельдің қарба-
лас қамынап қолы тимей, күндіз үйге басын әрең сұғатын
Ескендір келе-келе зорласаң да келмейтін болды. Тунде
ғана тесекте табысатын... Бірақ Ақнәр түрлідей жиыры-
лып, тұла бойы жылы қоржын тамның ішінде қарадай
қалтырап, тітірең тоңып қарсы алатын. Осы күй күннен
күнге күшійе түскен. Істық сезім салқын тартып, жат
бір жәйді жақын тұтқан... Ер адамдағы тән қызынын, жы-
лусызы, жалынсызы әйел затының жан азабы басып, екеуара
егес сезім билегендей болып, ақыры бар азаптан арылғы-
сы келгендей теріс қарап алысушы еді. Соңғы күндері
сұық сезім мұз бол қатқандай, екеуі де екі жерде жататын
жайға жеткен. Ақнәр қол-аяғын бауырына жинап ағаш

төсектің үстінде, Ескендір құрым киіз төселген қақ төрде жатады. Жақ ашыспайды.

Ақнәрдің не ойлағанын қайдам? Өз ішінде. Өз еркінде. Ескендірдің істер лажы жоқ. Тағдырға шыдаш баққан. Өз қолымен істеді бәрін. Өз қолын өзі кесер ме. Ақнәрде несі бар еді? Айдатып жібергені артық еді әкесімен. Екеуі қосылғалы, дүйім елге жек көрінішті болғалы — көрген күндері күн емес, су қарағы түн дерлік. Ақнәрдің қара көзін мұң тұтып, бетінің ұшынан қызыл сөнгелі қашан? Үйішімен аудан орталығында қоштасқанда-ақ мұны суынып қарсы алған. Еркімен босағасынан өзі аттаса да, жүрегі жылымас мұз бол қатқан. Бұл еріте алмады. Ерімес те... Ескендір оны, ол мұны түсіне алмас. Түсіну де мүмкін емес қой. Өткен өмір — көшкен көңіл.

...Алыстағы ауданнан Ескендір сол түні ат үстінде мұздаш кеп, қатты жаурап, жылы оранып жатып қалды. Содан күн көтеріле бір-ақ тұрған. Тұра сала тез киініп, сыртқа шықты. Қарашаның сүйік күні шағырмақтанан қалыпты. Маңдай алдында құлама қия жартас Түйекұлаған жақты буалдыр мұнар тұтқан екен... Сайдан көтерілген шамасы. Үйге кіріп Ақнәрді күтті. Үй қарашаның өліарасындағы сүйқтан ба, пеш жақпанағаннан ба — сүйіп кетті. Күнде ертемен шай қайнап тұратын үйде ерекше бір салқын леп жүзді жалайды. Екі бөлмелі үй іші жыпжинақы болса да, Ескендірдің көңіліне күпті сезім тудырған-ды.

Далаға шығып, көршілерден сұрастырды. Ешкім таң атқалы көрмепті. Артельге қоғамдастырылған соқа-саймандар тұратын ауыл шетіндегі үйге барып қайтты. Ол жердегілерге тапсырма беріп, Еңсе байдың көп түйесін кезекпен бағып жүрген жігіттердің бірінен ойсылқара жәйін сұрап білген. Үйге қайтып келген бетте аузына атқалақтай тығылған жүрегін баса алмай, басына талай ойлар келіп, үрей мен қорқыныштан қашып, осыдан екі күн бұрын жауған ұлпа қардан із кеспек бол, есіктің көзінен үзай түскен. Шет жаққа салынған ез үйінен көп шығандамай-ақ мәсімен басқан жалғыз ізге түскен. Қөзі түскен сэтте көңілі сүйіп сала берді... Япыр-ай! Шынымен түннің бір уағында кеткені ме? Ерте түскен іздің бетіне жұқа қыламық қатып үлгеріпті-ау?! Енді қайтті?! Хабар берсе ме екен? Ел не дейді? Елсіз-күнсіз жақта несі бар? Аяғында қыстық көн де емес, жұқа елтірі мәсі. Жо-жо-жоқ. Жамандыққа қимайды. Олай болуга мүмкін емес. Мұны аямаса да, езін өлімге қиса да, құрсағындағы балапанын

күнэ қып мойнына артпас! Қанша десе де о дүниеге қарыздар аттанбас! О, құдай! Сенің барлығыңа бүгінгі күнге дейін күмән тудырып келсем — ашынғандықтан, азаптан, енді қалған ғұмырымда сол күнәмді жуып етейін, жамандығынды аулақ қыл! Өзің өз болсаң — пәледен сақта. Қөрмеген сәбиімнің атынан жалбарынам!.. Осындай бір оттай ыстық ойлар өртеп, Түйекұлағанға қарай Ескендір еңіреп жылац, бойын билеген қорқыныштан есін жия алмай, ұшып-жығылып келе жатты.

Жүгірген бойы жазық бетінен кенет тік құлаған қия құз жартас Түйекұлағанға жеткенін бір-ақ білді. Тай шаптырым жердегі терең түйіктан басталатын табиғаттың бөлек бітімі — Түйекұлаған тып-тыныш. Жұз елу-екі жүз құлаш төменде алып жалама жартас түбінен жылап аққан сансыз бастаулы кең сай алпыс шақырымнан астам жатқан Қаратогайдагы бірінші ауылға дейін созылып барып, жазыққа ұласатын. Есі шығып жеткен Ескендірдің көзіне алғашында түк те көрінген жоқ. Шынында да түйік құздың етегі тұманға беккен ақ мұнар еді. Жас парлаған көзін сұртіп, дұрыстап қайта қарады қадала. Төмен тұнған ақ тұман. Қалың. Ештеме айырып болар емес. Із текшеде таусылған. Қайтқан із жоқ. Бар зұлмат қайғы қара көрпесін Ескендірге жаба салған осы арада. Қарғысы келген артынан. Қарғи алмады, тәуекелі жетпеді. Басқа ой жетеледі: есуас ой — аяғы сынып аман қалған шығар... аппақ бу ғой... Бу тұманы түйені түгімен, биені бүгімен жұтатынын білмейді ол.

Ұзына бойы бір шақырымдай жартас төбесін жиектей жүгірді. Төмен қарай жартас жылға-жылға жоталы қабырғаға айналып кететін. Сайға құлайтын өзекпен кей жерде жығыла домалап, кей жерде оңбай құлаш етектегі ақ тұман ішіне кірді. Сайды өрлей жүгірді. Кішкене бұтақтардан көтерілген бу пердесі сұлу-ақ. Жүзін жібектей сипайтын тәрізді. Бетіндегі қары еріп жатқан жылы саздың шылқылдаш жатқан суы етігінен шашырац, тізесі мен санын сулағандаған денеге тиген сұықтан бойын бірден жиып алды. Құр жүгірісті қойып, орқаш-орқаш қабырға жартастың етегін ала Ақнәрді іздеуге көшкен. Көшікпей бар шындықтың басынан шығып, бар сұмдықтың үстінен түсті... Тіл-аузы байланып, жерде жатқан жандарға қаралып, арлы-берлі ақ будың ішінде жүре берді. Екеуі де бір-бірінен алыс жатқан жоқ. Әлдебір аппақ қарлы алаң-қайға түсіпті. Айналасы киіз үйдің орнында жерде қандағы шашырамаған жер қалмапты. Бейшара, Ақнәр қар-

нын құз басынан құлап келе жатқанда сойдиған сояу тастардың бірі ілсе керек, нәрестені ақтарып түсіріпти!. Баланың жолдасы әйел мен баланың ортасында қалыпты да, алты-жеті айлық аппақ ұл жатырдан ақтарылған қалпында бір жеріне сызат түспей жатыр. Қайран Ақнәр, соншама биіктен құлап, томпиган қарны жарылып, бар қаны қотарыла ақтарылып жатса да, көпке дейін жан тәсілім ете алмай, бір орнында ұршықша иіріле аунай жанталасыпты... Қайран, нағыз ер туар ару-ай! Ару Ақнәр!

Аппақ буалдыр тұман ішінде қайғыға жалғыз мойын-ұсынып, жындануға шақ қалып, елес-елес есімен өз койлелгіне сәбіді орап, мойынан алдына қарай асып, әйелдің ішін түгенден таңып, жонына сала арқалаң, кеш үйірле ауылға әрең жетіп жығылған Ескендір... Соры солай қайнаган! Содан бері үнсіздікте серік еткен.

Қазір де үнсіз ой өзегін өртеп келе жатқан. Ұзақ жол. Із таусылар емес. Құн бесінге таяған. Бұл нәр сызған жоқ. Қалтасын қағып еді, қолына қара қоқым ілікті. Тым құрыса ауызға салып ермек қылар құрт алмаңты. Немересі Ұлбосын... немересі дейді-ау, інісінің қызы ғой, ол қайдан білсін? Жолға шығыш бара жатқанда, Ұлбосын: «Атпа, ата!.. Ата көрме!.. Тек жасқап жібер. Өзі-ақ ауылға қайтып келеді...»— деп қалған. Қара бураны атып тастаймын деген мұнда да ой жоқ еді. Әйттеуір, мылтықты белгісіз қорқыныш алдырған. Мылтық демекші... елуінші жылдардың соңын ала түйе мен жылқыға жаудай тиіш, әлдебір жоғарыдан келгендер екі мындағай жануарды пышаққа іліктірместен мылтықпен атып, атылған түйелерді Алтайдың қызыл қарагайынан ойылған үлкен итшаналарға екіден артып, атандармен ауданға тартқызып, ойна келген сорақылықты бір істегендегі бар. Сонда ғой мылтықтың жай күнде де керемет қызметке асқаны... Қазір төрде тот басып ілулі тұргандары... Ол да бір заман екен.

Жалт еткен ойды тез ұмытқысы, өзі де бір сергіп қалғысы келіп, биеге қамшыны басып жіберді. Сол-ақ екен ол да заулап жөнелген. Бетінен ұрган аяз қарыды. Ақ қар бетінде қара бураның ізі баттиш-баттиш жатыр. Қар жұтқан жазық. Ер қасына қосауыз ғана тарс-тұрс соғылады.

6

Қосауыз қара мылтықтың дүм тубін бекіткен темірдің ер қасына шақ-шақ тиген дауысынан мазасы кеткен шал

тілсіз сүйк қаруды кеудесіне қаратса асынып алды. Маңай аққіреуке. Мұздай ауа бой ширатады. Ой да, сезім де серtek. Жол қысқарту, сүйк сезінбеу үшін ой қу, сезім сау дейтіндей табиғат. Шал мылтықты кеудесін көріктей көтере тыныстап қойды. Сақал-мұртқа қатқан сұңгі аузы-мұрнынан шыққан мол демге сәл-пәл жібіген. Қара мылтық қаралы ой қозғаған.

...59-дың ақпаны да ашулы келіп еді-ау!.. Нар бура Ақбастың аузынан ақ көбік ағып, бауырынан жараған. Желкілдең жер сыйатын шудасы сауыс-сауыс сары мұздан білеу-білеу мүйізденіп, Ақжалдың алыш даласын елу шақты келесімен тастап, Ертістің қопа қамысын паналяп, көз көрмеске қашып еді. Келеге түсіп, құмары қозатын бура болғалы өзіндей он сан келелі ойсылқара қалыңынан жырақташ кететіні — қашанғы әдеті. Қазір буыршын мен бураның ішінде орасан зоры да, келесіне тірі жан атаулыны жуытпайтын сойқандысы да өзі. Жасы да тоғызға енді толған. Нағыз буырқанған толғакты кезі. Аңылжыған аптаста маңқиған маңғаз болса, ақырған ақпанда аң сезімі оянып, келесін жан аяғы баспас жапанға қуып, күндізтүні кірпік ілмей қарауылдайтын ақ бас қара бура. Ақбас атанип жүргені де сол — басынан басқа жері қара-қоңыр түк. Кесек қауып басы ғана ақшулан. Қара көздері шоқтай, жанар аясы алақандай кең.

Ақпан туа, ай шөміштей іile Ақбас жылдағы әніне басып, бір-ақ түнде безіп кеткен. Ескендір мұртының астынан мырс еткен... Қешікпей-ақ басқа буралар да жын түкіріп, келе-келеге түсе бастады да. Шыдамай шарпысып қалған буыршындар бұрқылы көбейген уақ.

Ойда жоқта он шақты аттылы сау ете түсті. Қос басы қыбырлап қалысқан. Қауқылдақсан ауыл жігіттері мен сыйдаңқыраған аудандық азамат. Бәрінің бас-басында оқшантаймысым мылтық. Ұңғысы терең есқі қосауыздар да бар. Келген бойда азын-аулақ аман-саулықтан соң ерге қонып, Ескендірдің сөзін құлаққа қыстырымстан жақын жатқан келеге қарай қозғалды. Ескендір шаңырағы шағын, шаншылған ұзын үығының басы қарға көмілген қосқа лып беріп кіріп кетіп, көп айланбай қайырылмалы қосауызбен шықты. Асыққан оның қамшысының өрімі тапталып қалған қар бетімен жыланша сумаң қарып, мама ағашта байлаулы түрған жарау атқа тез жетті.

Төңірек шаңытқан аяз. Тал түстегі күн құлақтанған. Ақпан аязды боларын сездіретін осы айқұлақ әлсіз нұр-

ланып, жарты шеңбер сыйып тұр. Әшекейлелеген кемер белбену тектес.

Қосқа жақын жатқан кәрі бура Сарышудың келесі болатын. Салмақты Сарышу салтаттылар дүбіріне шұнақ құлағын салып, айбат білдіріп, оқшаулана белініп көлденедеп тұрды. Бөгде адамдарға көздері шекелей шатынап, бұта шайнар азуларын ақ көбік арасында қайраса да, әлі де сабырмен бойын салған. Ақбастай емес, Сарышу сүлей еді. Орынсыз ойқастап шабынбайтын, шабынса да шаппайтын: дәңдайбат сесі ғана.

Түйеші Ескендір атқа қонғанша, иіріле тоқтаған салтаттылар ішінен сұрыла шыққан ауылдың жас жігіті қолындағы қосауызбен кәрі бура Сарышуды көздей басып-басып қалды. Сарышу аңы дауыспен бір бақырып қалып, өзінің ауыр денесін ұстай алмай, жас ботадай тірсектері дірілдеп шөге берген. Ескендір астындағы атына қамшыны қөміп-қөміп жіберіп, өзінен қан-сөл қаша сүрләнди, сирағын сермен жатқан Сарышудың қасына қалай жеткенін аңғарған жоқ. Атынан секіріп түскен бойда үн-түнсіз иегі ғана қалышылдаған кеп, тонының алдын ағыта, беліндегі ақ мүйіз сапты кездікті қынынан сұырған. Ол кәрі бураның күре тамыры тұсынан, сағағының астынан қол сиярданай тесік тесіп жатқанда, басқалар да бүйірден жеткен.

— Есеке, мұныңыз міне, дұрыс. Алғашқы құрбандықты өзіңіз қандадыңыз,— деп, түйешшілердің бригадирі сөйлей келді.— Өкімет айтқан екен, көнген жөн. Олар біледі. Ақылға келгенің жақсы болды...

— Әй, не былшылдаپ тұрсың, Есқазы?! Кімге ақыл үйретпексің сен? Өз ақылың — өзіңе,— деп Ескендір атын тұрған. Қолындағы кездік ұшынан ақ қарға қан тамшылайды.

— Тағы өз әніңе бастың ба?— Есқазы ат үстінен қамшы сабын тізесіне тірер шірене қалды.— Айдалып келгениң аз ба саған... Түйе мен жылқы деп жүрген сенен басқа да жұрт бар. Сұыққа қатып жүрген оларды да ойлау керек.

Қаны басына шауып тұрған Ескендір әлі де өзін сабырмен ұстап:

— Олар үшін жаның ауырмай-ақ қойсын. Мал үшін атам қазақ жанын жалдай алады. Сенікі белгілі байбаламғой...— дей бергенінде, ауданнан келген уәкіл араласты.

— Ескендір жолдас, байбалам деп саяси қателеспеніз. Бұл — партияның бүйіріғы. Қоктемге дейін құтылу керек

бұлардан. Сөйтіп адам күшін де азайтып, колхоз-совхоз басшыларын да алаңдатпайтын жағдай туғызу қажет. Қазір еліміз экономикалық жақтан күшіне түсү үшін, бос жатқан мына Ақжал секілді жерлер жыртылып, дәнді дақыл егіледі. Жайылым қысқарады... Сіз ойлағандай емес, ендігі күш-көлік — трактор, машина, комбайн. Түие мен жылқының күні өтті... Мен өзім агрономмын. Енді еліміз көлемінде агротехникаға жол берілмек...— Ол қысқа тоның сыртынан оранып алған тұлышын қымтанаңып қойып сарай берді.

— Жолдас, сіз де ескі соқпақпен тарта бермей, жаңа сүрлеуге түскенің ғанибет!

— Әй, өкіл, әгренем-мәгренемің өзіңе. Бірақ түйені талдай отауыңа, бөрідей атуыңа көнбеймін!

— Осылай тұра береміз бе мылжыңдасып. Түйелер үзап барады,— деп біреу шыдамсыздық білдірді.

— Басқұнов жолдас, Ескендірмен есепті кейін айрысармыз. Қешке дейін бурасы өлген мына топты атып алуымыз керек. Ұақыт өтіп барады,— деп асықтырды Есқазы.

— Бураны атқаның да жетер. Енді өзім атылмайын десең аулақ жүр, Есқазы!— Түйеші тұтігіп айқайладап жіберді.— Тура қолында өлем. Ал, сен, өкіл ауданыңа айта бар, Ескендір түйеші қарсы де.— Ескендір қолына қамшы орнына қосауызын көлденең ұстаган.

Түйешінің осы бір сөзін күтіп тұргандай: «Ал, қапе жігіттер!»— деп Есқазы да дауысын көтеріп қалды. Бәрі де ақылдастып алса керек, өншең онсегіз бен жиырманың ішіне енді іліккен жас жігіттер, өлген Сарышудың басында қамсыз тұрган Ескендірді ат үстінен секіре кеп ала түсті. Әне-міне дегенше қол-аяғын қыл арқанмен шандып тастанады. Түйеші қапы қалғанына іштей налып, еріксіз тісін қайрады. Оны екі жігіт ат беліне салып, салқын қос ішіне әкеп тастағанда да үн шығармаған. Іштен тынған.

Байлаулы түйеші қосқа кірер-кірмesten мылтық дауысы сүйк ауаны жара шаңқ ете қалып, іле-шала дүркін-дүркін дүрс-дүрс атылды. «Ай, жануарлар-ай, сорлады-ау!..»— деген іштей. Ескендірдің жалғыздырын пайдаланды ғой. Қеше қасындағы көмекпісін үйіне жіберіп қойып еді. Ол да болса қосындағы қарайған, қөңілге медеу болар ма... Құлағына әлсін-әлсін ашы қышқырған, жаны қиналғаннан бақырған, әлсіз боздап үзілген үндер келіп жатты. «Жазықсыз жануарларды тым құрыса, адалынан бауыздап та алмады-ау! Қәпір болып кетіпті ғой, оңбағандар!»—

деп кіжінді жалғыз жатып. Еркөтекте* ләгірде жүргенде шошқаларды осылай атып, бітеудей түгін үйтіп, сосын ғана қарның жарып алушы еді. Бұлар қайтер екен, ақтарып тастар. Итжеккен ләгірде арсылдаған иттің бе, қорсылдаған доңыздың ба — ішек-қарның жесен де құрсағың қуаныш қалады... Ондайды көрмеген бұларға не жорық. Ит басына іркіт төгілген баяғының заманындағы қан-жынға қарамас та.

Төрт жүзден астам онның үстіндегі келені айналасы үш күннің ішінде бармақтай қорғасынмен жығып, қос-қос атандар жегілген итшаналармен Қасқарбайға тасыды. Жазықсыз жануарлардың айрандай ақтарылған ішек-қарны мен қан-жыны қар бетінде үйме-үйме болып, бусана бұрқырап қалған. Үш күн бойы Ескендір-тентек қос ішінде байлаулы жатты. Жылы қостың ішінде қанына қарай һәр де сыйбады. Қосауызы дурмекке қосылды... Тар қос ішінде қара қазан көтеріліп, армансыз етке бұқтырылып, отқа қақталды. Қемекшісі ауыл жақтан келсе де, Ескендірдің күйін көріп үндей алмады. Жастау жігіт еді. Түйелердің терісі де ірелмей, сұрп еттері — қолдары қолдай, сандары сандай белшектеліп, қаңдалары мен бастары ту-бітті терілерімен пұшпақ-пұшпақ болып аттанды.

Бұл қырғыннаан Ақбастың келесі ғана аман қалған. Ол туралы Ескендір де, қемекшісі де жақ ашпады. Түйе атушылар да білген жоқ. Ескендір құлазыған қоңіліне, ширытып ауырған жанына Ақбас бураның ғана қаңғырып кеткені даяу болғандай, әйтеуір бір алыс үміт отын жаққан.

Сол кеткеннен Ақбас мол кетті. Елу шақты келесімен иесіз бура жабайыланып, қыста Ертістің нар қамысын қыстап, жаз бетінде Бүйректің бауырын жайлалаған. Төрт-бес жылдың ішінде жүзге жуықтаған. Ит-құс атаулына азулы Ақбас пен жас буыршындар келені көп алдыра да қоймаған. Мұны ел де білген-ді, көрсе де көрмегенсіді. Өз дегенімен жүрген ойсылқара тұқымы иенде иесіз түлікке айналған.

Ал, түйеге ғасырлар бойы тиесілі болып келген Ақжалдың құйқалы өндірі кепкен тұлақтай жемтір-жемтір жыртылып, егілген жүгерісі тырбының өспей қалды. Бір-екі жылдан кейін құрғақ аңызды алабота басып, қаңбақ қаңғыран құмдауытқа айналды. Содан бері Ақжал аңырап бос жатыр.

Бір күні Ескендірдің үйіне жақадан бекітілген совхоз

* Еркөтек — Иркутск ..

директоры машинамен жетіп келді. Жап-жас жігіт екен. «Отағасы» деп жылы-жылы сейлесіп, хал-жағдаймен танысып, Ақбастың келесін ауызға алды. Түйеші көмейінді сезіп тұрмын дегендей сыр берген жоқ. Директор амалсыздан әңгіменің турасына көшті.

— Отағасы, мен сіздің сыр бағып тұрғаныңызды сеземін. Ойсылқара атаулыны жоғалтқандарың жетпей ме, жабайы болып кеткен түйеде нелерің бар дейсіз той. Рас. Осыдан біраз жыл бұрын сондай бір нұсқау болып, жер-жерде пайдасыз тұлік ретінде жаппай жойылып кеткені шындық. Сізге рахмет!.. Түйе атаулыдан тұқым қалғанына да шүкір!

— «Шүкір» деп қалыпсындар той, Ақбасты маған неғыл дейсіндер. Бар да атын алыштар,— Ескендір иегімен Ақжал жақты нұсқады.— Мылтық керек болса, менен алыштар,— деді кекесінмен.

Директор жеткірініп қойды. Мына қырсық адамды қалай қөндірудің ретін таптай:

— Өкпеніз орынды. Оған мен де кінәлімін. Мен де қарсы болғам, бірақ қарсы тұруға тауаным жетшеген... Сізге көмек көрсетеді той деп өзім келіп тұрмын,— деді тұрақтар.

— Сонда қандай көмек?

— Қымыран алып, шұбат ашыту кажет,— деп, сөзінен айнып қала ма деген кісіше асыға сойледі.— Жалпы ойсылқара тұқымын көбейтуіміз керек. Малшылардың ен жайлауда жайылымы тозғанда олай-бұлай жұрт жаңарту үшін күш-көлікке қолайлы. Барлық жерге машина, трактор жете алмайды. Алтай қызын екенін менен гөрі сіз жақсы білесіз,— деп көпшік қойды. Ескендір сонда да үндемеді. «Көңілі біз секілділерден мұлде қалған екен» деп қойды іштей директор.— Ақбас маңына адам түгілі, мал атаулыны жолататын емес, отағасы. Екі-үш жігіт жіберіп ем, өздері әрең қашып құтылыпты. Буыршындары да зорайып есіп, олар да қоса шабатын көрінеді. Өңшең бір дүлей. Бураның сырын сіз ғана біледі деп отыр жігіттер. Ақбас тындаса да, таныса да сізге қонеді дейді. Өздері азғана жылдың ішінде жүзден асса керек.

— Болсын, ниетің түзу екен деп барамын. Егер уәдеңен кундердің күнінде тайып жүрсең — жақсылық күттеп!.. — Ескендір бажырая қарады.— Бұл мал — кәмпескесе мен аштық жылдарынан бері қалған соңғы тұяқ.

— Уәде болсын, отағасы, уәде!— деп, директор қолын ұсынды да, асығыс машинасына бұрылды.

Кешегі белгілі түйеші Ескендір Ақбасқа мұқият да-
йындалды. Шуылдақтың сайындағы шәңгіштен арнайы
солқылдақ қос сойыл әкеліп, қабығын сипырып, жел қақ-
тырып көлеңкеге қойды. Бөкенбайдың бауырында отырған
танысының қолындағы кәрі түйесін алыш, аудың жібінен
жұмсақ, жіңішке арқан есті. Қамшысын ырғаймен қайта
саптап, басына сірленген бір құлаш қайыс тағып, қойдың
құйрық майымен жұмсартқан.

Екі күннен кейін түйеші қасына жас жылқышы Құ-
машты ертіп, Қалғұтыдан Ақжалдың даласына таң бозы-
нан аттанды. Ескендірдің астында — кәрі түйе, Құмаш ас-
тында — кертебел ат. Ерте көкектің басы болса да, алтын
куректен соң Алтай өңірінің жас сұлудай өнді кіріп, ойда-
ты жазықта қыстан шықсан қара жер бұйырғын басымен,
жусан желкегімен жүзін жасырып үлгерген. Таң бозынан
боzторғай үні үзілмей, күннің көз ұялтар шапағын алыста-
ғы мұнар басқан аспан түстес таулардың иығынан қылт
еткенін жалақпай күтуде. Қылт еткен шақта көкмұнар
таулар қар жамылып шыға келеді. Ол жарықтық бірақ
асығар емес. Бозторғайлар дауысына шөп басын шалып,
шыққа шыланып шырылдайтын шегірткелер үні ғана жет-
пей тұр. Көкек келсе де заржақ бейшаралар тіршілік тау-
қыметіне араласа алмаған. Басқа да жәндік атаулы жандана
қоймаған кез.

Олар талтүсте Ақжалдың арғы бетіндегі құмайтты Қызыл
кершке жеткен. Жұзден астам ойсылқара керштің
жарқабақтары мен жарлауыттарындағы былтырғы жан-
тақ түбірлерін теріп жең, шашып жіберген құмалақтай
быт-шыт болып жүр екен. Бәрі де қыстан қүйлі-қуйіті
шыққаны көрініп тұр. Биік үстінен көз жіберіп тұрған
бұларға қарсы әне-міне дегенше Ақбас бура қия беткей-
ден табандарын тайраңдай басып, басын бұлғаңдата ұм-
тылды. Осыны күткендей құңгейден жап-жас қос буыршын
іллескен.

Құмаш пен Ескендір де солқылдақ шәңгіш сойылдарын
ыңғайлай қозғалды. Түйеші жабайыланып кеткен Ақбас-
қа тісін үнсіз қайрап қойды. Ақпанда ғана шабынатын
жануар төрт-бес жыл өз бетімен түйекік тұқымдасы тә-
різдес өсіп-өнгелі қарайған мал-жанға алыстан айбат ше-
гіп, ала жаңа бен алты ай қыста адам атаулыға кісікік көр-
гендей көз алартып, арқасы қозып шыға келетін болған. Бүгінде бұтына шаптыра боздап келе жатқаны сол. Буыр-
шындары да Ақбасқа еріп ақкөзденіп алғалы қашан. Қазірде қарайған екеуге қос қара буыршын бұлкектей жа-

қындағ келеді. Бұыршындар — бүйірден, Ақбас болса, қақ маңдайдан қойған.

Көлісіммен қозғалған түйеші мен жас жылқышы сескене қойған жоқ. Қайта — күтіп алуға даяр. Қеріш іші жып-жылы. Тыныш. Іңгендер мен бота-тайлақтар бұларға мойындарын да бұрмастан маңған. Қейбіреуісі қүйіс қайыра шөгіп жатыр. Қозғалмас қойтастар текстес. Ақбас аузын қайрац, көбігін шашпаса да басын бөріктей бұлғап, анда-санда бақ ете қалып, салмағын төрт аяғына тендей сала төңселе басып, самарқау тайраңдайды. Тұрган бойы бір сот — бұрқан сордың сойы.

Қызыл қеріш іші тына қалған. Қекектің күні жұртта қалған қоламта табындағы қызулы. Қеріш құмы бірақ салқын... Ақбас күтпеген мінез көрсетті. Ескендірге жақындағы бере жалт бұрылып, қос буыршынға қиғаштай салған ат үстіндегі Құмашқа оқыс ұмтылды. Ирендеғен басын жерге сала құмайдай құнтиған. Қәрі түйемен көлденендей бұрылам дегенше, Ақбас алыш адымдарымен екі-ақ аттап, қоян алатын тазыдай Құмаштың ту сыртынан түйілді. Қос буыршынға сойылын сілтер бол көтерілген Құмаш Ақбастың айласын ағармай қалған.

— Құмаш! — деген Ескендірдің апсы да үрейлі дауысына селт еткен ол, арт жағына жалт қарап, көртөбелді қос өкпеден керзі етікпен қатты теуіп, бір бүйірге бөденедей бұлт етіп, Ақбасты қапы қалдырды. Ағынын баса алмаған Ақбас жас буыршындармен қатарласа, қисық үшқан жебедей қырындағай берді. Буыршындар да жүрістерін бәсендетіп, Ақбастың ығына жығылып, ырқына көнгендей сыйаймен елеңдесе соңынан ерген. Бураның тағы бір айлаға көшкенін түйеші де, жылқышы да сезген. Олар сезге келмestен баяу қозғалды. Ақбас ашық айқасқа бекінген. Қәрі түйе мінген тұмақтыға қара көздері төңкөріле аларып, аясынан жас парлап, жалтақтамастан қарсы шапты. Құмаш сойылын сыйымдай ұстап, буыршындардың қимылын көздеді де, Ескендір сойылын сүйреткен қалпы ау арқанды бұғалық лақтыруға дайындағы. Құрық салымға жақындағай берген Ақбас түйешігө туралаған екпінінен кепнет тайқи, оң жақта он-он бес қадамдайда қатар келе жатқан аттылы Құмашта есесі кеткендей, бір қанатқа қырандай қайырыла құйылды. Бұл Ескендірге де дөп келген. Аудың жібек арқаны оқ жыландағы суман етіп, жануардың қауғадай басынан шағын ғана шеңбер көз ілесспес жылдамдықпен жүзіктің қөзінен өткендей жып ете қалып, жы-